

Қазақстан Республикасының  
Әділет вице-министрі  
А.Х. Әміргалиевпен  
КЕЛІСІЛГЕН

2022 жыл «29» 08 2022

2022 жылғы «28» наурыздан шыққан  
Республикалық  
нотариаттық палата  
Басқармасының №3 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН



## НОТАРИУСТАРДЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУШІЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Нотариустардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі мәтін бойынша – Ереже) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Заңына (әрі қарай – Зң) сәйкес әзірленген. Ереже нотариус тағылымгерлерінің тағылымдамадан өту ретін, мерзімін және шарттарын реттейді.

1.2. Нотариус тағылымгерлері жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады.

1.3. Тағылымдамадан өтудің мақсаты тағылымгердің нотариаттық іс-әрекеттер жасауы бойынша кәсіби білім және тәжірибелік дағдыларға ие болуы, келешекте нотариаттық қызметпен айналысу лицензиясына ие болу үшін нотариус жұмысын жүргізуі үйрену болып табылады.

1.4. Нотариаттық қызметпен айналысуға талапкер тұлғалардың тағылымдамасымен аумақтық нотариаттық палаталар айналысады (әрі қарай – АНП).

### 2 ТАРАУ. ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУГЕ ЖІБЕРУДІҢ РЕТИ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

2.1. Тағылымдамадан өту туралы өтініш АНП-ға жазбаша немесе электронды түрде беріледі.

2.2. Өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) жоғары заң білімі дипломы мен қосымшасының көшірмесі;
- 3) 3x4 см фотосуретпен бірге кадрлық есеп бойынша жеке парақ;
- 4) тағылымдамадан өтуге ниет білдірген тұлғаның наркологиялық және психоневрологиялық ұйымдарда есепте тұрмайтындығы жөнінде анықтама;
- 5) сottалмағандығы жөнінде анықтама.

2.3. Электронды түрдегі өтініш АНП-ның ресми электронды мекен-жайына жолданады. Бұл ретте, қосымша жолданатын құжаттардың барлығы жоғары сапада болуы тиіс.

2.4. АНП өтінім түскен күннен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын, сондай-ақ тұлғаның белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және оларды палата Басқармасының қарауына ұсынады.

2.5. АНП-ға өтініш түскен күннен бастап бір айдың ішінде ол Басқарма отырысында қаралып, келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы;
- 2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы.

2.6. АНП-ның Басқармасы, Заңның 7 бабы 4 тармағына сәйкес, нотариаттық қызметте кем дегенде бес жыл еңбек өтілі бар нотариусты тағылымдама жетекшісі ретінде тағайындалады.

2.7. Тағылымдамаға жіберу туралы шешім қабылданғаннан бастап он күнтізбелік күн ішінде АНП мен тағылымгер арасында тағылымдамадан өту туралы шарт жасалып, онда келесі нәрселер көрсетіледі:

- 1) шарттың жасалған күні мен орны;
  - 2) тараптардың аты-жөні;
  - 3) тағылымдамадан өту орны;
  - 4) тағылымгер, тағылымдама жетекшісі және АНП-ның құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері;
  - 5) жұмыс уақытының тәртібі;
  - 6) КР Әділет министрінің 2013 жылғы 19 тамыздағы № 275 Бұйрығымен бекітілен «Нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу туралы қағидасына» сәйкес тағылымдамадан өту үшін ай сайын төленетін төлемақының мөлшері мен төлеу мерзімі;
  - 7) тағылымдамадан өту туралы қорытындының қолданылу мерзімі;
  - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге қайшы келмейтін басқа да шарттар.
- 2.8. Тағылымдамадан өту туралы шарт тараптардың қолымен және АНП мөрімен бекітіледі.
- 2.9. Бір нотариустың қарамағында бір мезгілде ең көбі екі тағылымгер тағылымдаманы өте алады.
- 2.10. Тағылымдамадан өту мерзімі кем дегенде бір жыл болуы қажет.

### **3 ТАРАУ. ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

3.1. Тағылымгер мен жетекшісі туралы мәлімет «Е-Нотариат» Біріңгай нотариаттық ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

3.2. Тағылымгердің нотариус үшін қол қоюға және нотариус мөрін пайдалануға құқығы жок.

3.3. Тағылымдама, осы Ереженің №1 қосымшасына сәйкес, тағылымгерлердің кәсіби дайыдау Бағдарламасы (*әрі қарай – Багдарлама*) бойынша жүргізіледі.

3.4. Бағдарлама барлық тағылымгерлер мен тағылымдама жетекшілері үшін біріңгай және міндетті болып табылады.

3.5. Бағдарламаның 5-тармағының 4-тармақшасына сәйкес тағылымдама аяқталған кезде тағылымгермен қорытынды есеп дайындалады.

3.6. Тағылымдама аяқталғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде тағылымгер АНП-ға қорытынды есеп пен тағылымдама материалдарын ұсынуы қажет.

3.6.1. Тағылымгердің қорытынды есепті және тағылымдамадан өту материалдарын ұсыну мерзімі тағылымгердің уақытша енбекке жарамсыздығы кезеңіне немесе оның өтініші негізінде тиісті құжаттармен расталған басқа дәлелді себептер бойынша ұзартылуы мүмкін.

3.7. Тағылымдама аяқталғаннан кейін он жұмыс күн ішінде тағылымдама жетекшісімен тағылымдама нәтижесі бойынша қорытынды дайындалып, АНП-ға ұсынылады.

3.8. Қорытынды және есептеме тағылымгердің қатысуымен АНП Басқарма отырысында қаралады.

3.8.1. Тағылымдама жетекшісі тағылымдамадан өту қорытындылары туралы теріс қорытынды ұсынған жағдайда, осы ұсыныс Басқарма отырысында қаралуға жатады.

Тағылымдамадан өтушінің тағылымдамадан өту қорытындылары туралы теріс қорытындыға Басқармаға шағым жасауға құқығы бар.

Тағылымдамадан өту қорытындылары туралы теріс қорытындыны қарастыру бойынша басқарма мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) тағылымдамадан өту қорытындылары туралы қорытынды бекітілсін;

2) тағылымдаманы алты айға дейінгі мерзімге ұзарту және тағылымдамашының қалауы бойынша тағылымдама жетекшісін ауыстыру мүмкіндігі;

3) тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы.

3.8.2. Тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өту нәтижелерін қатарынан екі рет қарау үшін Басқарма отырысына келмеген жағдайда, тағылымдама жетекшісінің тағылымдамадан өту туралы қорытындысы қаралмайды.

3.9. АНП Басқармасы отырысында тағылымдама нәтижелері туралы материалдарды қарау барысында, тағылымдамадан өту кезінде алынған білімді тексеру үшін Бағдарламаның тақырыптары бойынша «сұрақ-жауап» әдісі қолданылады. Сұрақтар тізімі Республикалық нотариаттық палатаның келісімімен АНП Басқармасының шешімімен бекітіледі.

3.10. Шешім отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің дауыс беруі арқылы көпшілік дауыспен қабылданады және оған ТНП Басқарма төрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

АНП Басқармасының отырыстарында ашықтық пен жариялыштықты қамтамасыз ету мақсатында аудиожазба жүзеге асырылады, ол отырыстың хаттамасына қоса тіркеледі және АНП Басқармасы отырысының материалдарымен бірге сакталады.

3.11. Бұл ретте тағылымдама жетекшісі болып табылатын Басқарма мүшесі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамның жақын туысы осы тағылымдамадан өтуші бойынша дауыс беруге қатыспайды.

3.12. Бағалау және дауыс беру нәтижесінде, Басқармамен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) тағылымдамадан өткені туралы қорытынды бекіту;
- 2) тағылымдамадан өткені туралы қорытынды бекітуден бас тарту.

Тағылымдама қорытындылары туралы теріс шешімді АНП Басқармасы мынадай жағдайларда береді:

- тағылымдамадан өтушілер кәсіби дайындау бағдарламасын толық менгермесе;
- қорытынды есепті және тағылымдама материалдарын ұсыну мерзімін бұзса.

3.13. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды бекітуден бас тарту туралы шешім уәждемелі болуы тиіс. Шешімге шағым келтіру Республикалық нотариаттық палатада немесе сотта жүргізіледі.

3.14. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде тағылымдамадан өткен тұлғага жазбаша түрде жолданады.

3.15. Білім мен дағыларды бағалау нәтижелері бойынша оң шешім алмаған тұлға қорытынды есепті және тағылымдама материалдарын ТНП Басқармасының келесі отырысына 30 күннен кейін тапсыруға қайта жіберіледі.

3.16. Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешімді қайтадан алған жағдайда, тұлға жалпы негіздерде тағылымдамаға қайта жіберіледі.

## **4 ТАРАУ. ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

4.1. Тағылымдамадан өту туралы шарт тағылымдамадан өту мерзімі аяқталған кезде тоқтайды.

4.2. Тағылымдамадан өту туралы шарт мерзімінен бұрын келесі жағдайлардың бірі туындаған кезде тоқтатылады:

1) тағылымгердің өз еркімен тағылымдамадан өту туралы шартты бұзы туралы өтініш беруі;

2) тағылымгердің осы Ереженің немесе тағылымдамадан өту туралы шарттың талаптарын орындауы;

3) тағылымгердің екі ай қатарынан тағылымдамадан өту үшін төленетін ақыны төлемеуі;

4) тағылымгердің қылмыстық жауапкершілікке тартылуы немесе одан ақталмайтын негіздер бойынша босатылуы;

4.3. Осы Ереженің 4.2-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тағылымдамадан өту туралы шарт бұзылған

жағдайда, шарт бұзылған күннен бастап тұлғаға тағылымдама өтуге алты айдан ерте емес уақытта рұқсат етіледі.

4.4. Осы Ереженің 4.2-тармағында баяндалған жағдайлар басталғанға дейін төленген ақы қайтарылмайды.

## **5 ТАРАУ. БАСҚА ДА ШАРТТАР**

5.1. Тағылымдама барысында, тағылымымдама жетекшісі мен тағылымгердің өтініші негізінде, сондай-ақ тағылымдама жетекшісі болған нотариустың нотариаттық қызметпен айналысу лицензиясы уақытша тоқтатылған немесе күшін жойған болса, нотариус АНП мүшелігінен шығарылған жағдайда, Басқарма Заңың 7-бабы 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін нотариустар тізімінен, басқа тағылымдама жетекшісін тағайындау туралы шешім қабылдайды.

5.2. Тағылымдаманың басқа жетекшісін тағайындау бір айдың ішінде жүзеге асырылады. Тағылымдама жетекшісінің ауысқаны туралы жазба БНАЖ-ға енгізіледі. Алайда, жетекші ауыстыру кезеңінде дегі тағылымгердің еркінен тыс өткізіп алған күндері тағылымдама мерзіміне қосылады.

5.3. АНП мен тағылымдама жетекшісі тағылымгердің іс жүзінде өткен күндері бойынша есеп жүргізеді. Тағылымгердің өткізіп алған күндері тағылымдама мерзіміне қосылмайды.

5.4. Тағылымгердің уақытша енбекке жарамсыздығы жағдайында (*сырқау жағдайында*), тағылымдамадан өтушінің жазбаша өтініші бойынша тағылымдама мерзімі ұзартылады.

5.5. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметін реттейтін заңнамасымен белгіленген тәртіппен және АНП Жарғысымен реттеледі.

*Нотариус  
тағылымгерлерінің  
тағылымдамадан өту  
тәртібі туралы Ережесіне  
№1 Қосымша*

## **Тағылымгерлердің кәсіби дайындау бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Бұл Бағдарлама нотариаттық тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өту тәртібі туралы Ереженің 3.3-тармағы негізінде өзірленген.

2. Бір күнтізбелік жылға есептелген бағдарлама теориялық дайындықтан және тәжірибелік дағдылардан тұрады.

3. Тәжірибелік дағдыларға мыналар жатады:

- нотариаттық іс жүргізу бойынша сабактар;
- нотариаттық құжаттардың жобаларын дайындау;
- тағылымдамадан өту туралы қорытынды есепті дайындау.

### **2. Мазмұны**

4. Тындаушының теориялық дайындығы аумақтық нотариаттық палатамен бекітілген нормативтік құқықтық актілерді өз бетімен оқу арқылы жүзеге асырылады.

5. Тәжірибелік дағдыларды менгеру:

1) іс жүргізу кезінде қажетті тәжірибелік дағдыларды игеру келесі мәселелерді қарастыруды қамтиды:

қызметтік құжаттарды дайындау;  
құжаттарды қабылдау, тіркеу және жіберу;  
құжаттардың орындалуын бақылау;  
істер номенклатурасын құру;  
шағымдар мен өтініштерді шешу;

БНАЖ-да кіріс және шығыс хат-хабарларының (корреспонденциясының) журналдарын жүргізу;

мұрагерлік істер тізілімін жүргізу;  
өситеттерді есепке алу тізілімін жүргізу;  
мұрагерлік істердің алфавиттік кітабын жүргізу;  
бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе тізілімдерінің жұмыс істейі туралы есептілік жасау;

нотариаттық іс-әрекеттердің электрондық тізілімін жүргізу (тізілімнің нысанын және оған қойылатын талаптарды талдау; тізілімде тіркеу тәртібі);  
консультация беруді тіркеу тәртібі;

нотариустың мөрін, куәландыру мөртаңбасын және электрондық цифрлық қолтаңбаны сақтау және пайдалану;

шетелде әрекет етуге арналған құжаттарды рәсімдеу.

құжаттарды қалыптастыру және сақтау, сондай-ақ оларды нотариустың мұрағатына өткізуге дайындық:

істерді кейіннен жеке нотариаттық мұрағатқа (мемлекеттік мұрағатқа) тапсыруға дайындау;

тұрақты және уақытша сақталатын құжаттарды іріктеу;

тұрақты сақталатын істер тізімдемесінің тәртібі;

құжаттарды жою тәртібі.

2) тағылымгер нотариаттық іс-әрекеттерді жасағанда, нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтай отырып қатысады және жеке өзі келесі нотариалдық құжаттарды жасайды:

мемлекеттік тіркеуге жататын мәмілелер (пәтерді, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, жер участесін, автокөлік құралын сыйға тарту келісімі; пәтерді, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, жер участесін, автокөлік құралын сатып алу-сату шарты);

тіркеуге жататын мұліктік кепіл шарты (пәтерлер, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар, көлік құралдары);

Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ шетелде қолданылатын сенімхаттар;

келісімдер;

өсиет бойынша және заң бойынша мұраға құқық туралы куәліктер;

өсиеттер;

азаматтың тірі екендігі туралы куәліктер;

азаматтың белгілі бір жерде екендігі туралы анықтамалар;

ерлі-зайыптылардың өтініші бойынша берілетін олардың ортақ мұліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік;

тірі қалған ерлі-зайыптыларға берілетін олардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік;

мұрагерлік меншікті бөлу туралы келісімдер;

теңіздегі наразылық актілері;

төлемеу және акцептемеу туралы вексельге наразылық білдіру туралы актілер;

акцептінің күні қойылмаганы туралы наразылық актілері;

өтінішті табыстау туралы куәліктер;

құжаттарды сақтауға қабылдау туралы куәліктер;

атқарушылық жазбалар;

мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау туралы қаулылар;

нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту туралы қаулылар;

нотариаттық іс-әрекеттерді кейінге қалдыру және тоқтата тұру туралы қаулылар.

3) «Бірынғай нотариаттық акпараттық жүйе» акпараттық жүйесі жұмысының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қажетті практикалық дағдыларды игеру.

4) тағылымдаманың қорытынды есебіне кіреді:

- тағылымдамадан өткен жері, мерзімі және өту реті;

- тағылымдамадан өту барысындағы жасалған жұмыс көлемі және мазмұны;
- өзіндік жұмыс атқару барысында алған білімі мен тәжірибелік дағдылары;
- тағылымдамадан өту барысында пайда болған қыындықтар;
- тағылымдаманы ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстар;
- тағылымгер өз бетімен құрастырган, өзі және тағылымдама жетекшісі қол қойған нотариаттық құжаттардың үлгілері.

6. Тағылымдама аяқталғаннан кейін тағылымдама жетекшісі тағылымгердің кәсіби даярлау бағдарламасының өту деңгейін көрсететін тағылымдама нәтижелері туралы қорытынды дайындаиды. Бұл қорытындыны тағылымдама жетекшісі аумақтық нотариаттық палатаға оны кейіннен отырыста қарастыру үшін жібереді.

